

Махан Г.

Ғалымның хаты өлмейді/ Г.Махан // Жастар әлемі.- 2005.- 27 қаңтар.

Қолымда «қыры - ғылым, өрі- елеңге» айналған асыл азамат Евней Бөкетовтің «Көкейкесті» атты кітабы. Анда-санда басымды шайқап, орнымен тауып айтқан сөздеріне риза болғандаймын. Кішкене қойын кітапшама өмірлік сабақ боларлық ғибратты сөздерін де түртіп отырмын. Кітапшаның бірінші бетіне академиктің елу жылдық мерейтойына «Павлодар алюминий зауыты» ұжымының шашу еткен мынадай өлең жолдарын жазып алған екенмін:

*«Профессор, ақын, ғылым докторы,
Екенсің-ау өткірдің де өткірі.
Бұл өнерді қанша қиын десек те,
Өз басыңнан құтыла алған жоқ бірі».*

Иә, шынында солай. «Жігітке жеті өнер де аз» деген қағиданы ұстанған Евней Арыстанұлы «жалын атқан жастық шағында жақсы қасиеттің берін бойына дарыт» деген көзқараста болған. Өзінің туындылары арқылы жасты ізгілікке шақырып, үндеген тамаша көркем шығармалары соның айқын мысалы. Мәселен, «Алтын босағаны аттағандарға» мақаласында «Бойында жастықтың қуаты, жүрегінде жастықтың оты жоқтар және сол қуат пен жастық отын ғылымды меңгеруіне жұмсан алмағандар, жалпы мәдениетке жанаса алмағандар, өзінің рухани байлығын молайта білмегендер, сол қуат пен жастық отын жайдары сәттерге арнай алмағандар қоғамымыздың толыққанды пайдалы азаматы бола алмайтыны өзінен-өзі түсінікті-ау деймін» дейді. Одан әрі аға ұрпақ өкілдерінің жастарға ғибрат жолдауға құштар екенін айтып, ақылды тындаған жақсы ғой, алайда «...өмір жолында кездескен өрі мен өкінішін, қуаныш пен құлдырауын, бақыты мен сорын, жеңісі мен шегінісін, білгені мен білмегенін, қағидасы мен қатесін жас буынға әркім қаз қалпында ұғындыра ала ма, жақсысына үйретін, жаманынан жиренте ала ма?» - деп аландаушылық білдіреді. Саналы азамат атану үшін берілер тәрбиенің өзі тәрбиеленген болу керектігін ескертеді. Яғни, «Әрқайсымыз ата-анамызға, ауыл-аймаққа қарап өсеміз. Өсе келе ұлы адамдардан үйренеміз, соларды оқимыз. Өйткені, ұлы адамдардың өмірі адамзаттың тәжірибе жинақтай отырып талпыныс биігіне өрлеу жолындағы баспалдақтары іспеттес. Өйткені, ұлы адамдардың өмірі өзіміздің қанаттана жетіле, толыса түсуіміз үшін үлгі болар шамшырағымыз», - дейді. Неден қашық жүріп, неге асық болу керектігін уытты сөздерімен саралаған. Мысалы, ішкілікке салынып, азып-тозған жасқа арақтың абырой әпермейтінін айтып, «...арақ пен шарап ішпе, мүлдем ішкілікті ауызға алмайтын сопы бол деп уағыздаудан аулақпын. Бірақ ес ауысқанша, өз-өзіңнен ие болудан қалғанша, мінезінді хайұандық билегенше ішіп, масқарашылыққа ұшыраудың не қасиеті бар?» Осылай оқырманына ойланарлық сауал қояды. Ішкілікке салынған, ездік танытып жүрген ер

азаматтарымыздың іс-әрекетін мүлдем құптамайды. «...адамның жанына жұғымды, өмірі мен келешегіне пайдалы етіп көңіл көтеруге бар жағдай туып отырғанда, жалған елес іздеп, өзінді-өзің арақшараппен әлдиелеу деген бойында жігері мен намысы жоқ ез бен қордың ісі емес пе?». Сондай-ақ, сөзінің тұздығын кіргізіп, жоғарыдағы кейіпкерлерінің кімдер екенін және жамандықтан жирену жолын ұсынған: «Ішкілікке оқуын тек нашар оқитын, әдебиет, өнер жағымен таныстығы аз, өз мәдени деңгейін көтеруге ешбірі ұмтылыс-талабы жоқ, іске осал, арманға мешеу, мінезге жұпыны, өзін-өзі билей алмайтын жастар ғана салынатынын көзіміз көріп жүр. Бұлардың ездiгiн, таяздығын, мәнсіздігін шынайы жақсы жолдастарына еліктеп өздері жөндемесе, ешкім жөндеп бере алмайды». Сүйектен өтетін, намыс қамшысындай осқылайтын уытты сөз. Адам деген ардақты атқа кір келтірмеу үшін үлкен арманға қол сөз. Тек тоқсан тарау бұралаңы көп ізденіс жолы ғана жақсылыққа бастайды. Ал «ауырдың үсті, жеңілдің астымен» жүрген ізденіссіз жол түптің түбінде жұпынылық пен мардымсыздыққа апарып соқтырады деп түйін жасайды.

«...Евней әзіл-қалжынды түсінетін. «Үнемі әзілдеп, бәрімізді күлдіріп жүруші еді. «Алғашқы сабақ» деген мақаласында: «...Бойында юморы бар адаммен жолдас болу, қызметтес, дастархандас болу, әсем қалжың, жарасқан әзіл арқылы көңіл көтеру қандай бойға шарапат десеңші!» - деп тамсана айтқан сөзі де бар. Сондықтан ол әзілді түсінбей, көбіне «ауызында сөзі жоқтың, қолында шоқпары бар» дегенге салатын балдырған жігіттер мен қыздардың шиеленісіп қалатынын қынжылыспен сынға түйреп алатынды. Ағам қазақ «әзілің жарасса атаңмен ойна» деген ғой. Менің ағам да сондай жан еді. Үлкен-кішінің тілің тауып, өзінің әңгімесіне ұйытып алатын қасиеті де бар. Ағасының мұраларын жинап, көпшілік игілігіне жаратқан інісі Қамзабай Бөкетовпен сұхбаттасқанда, ол осылай сыр шерткенді.

Евней Бөкетов келіспеушілікті қара күшпен емес, әзілмен де жеңуге болатынын жастарға үнемі құлаққағыс етіп айтып жүрген. Сол себепті егер көркем әдебиетті көп оқыған, өнер мен музыканы бойыңа сіңіріп өскен жас болсаң, қандай келенсіз жайт кездесе де шамшыл мінез көрсетпейсін дегенге сендіреді. Ол жасты үнемі биіктерден ғана көрсем деп армандаған. «Бойында жастықтың қуаты, жүрегінде жастықтың оты жоқтар және сол қуат пен жастық отын ғылымды меңгеруге жұмсай алмағандар, жалпы мәдениетке жанаса алмағандар, өзінің рухани байлығын молайта білмегендер, сол қуат пен жастық отын жайдары сәттерге арнай алмағандар қоғамымыздың толыққанды пайдалы азаматы бола алмайтыны өзінен-өзі түсінікті-ау деймін деп» -кесіп айтады.

Өзі іргетасын қалаған, енбек еткен қара шаңырақ жайлы. «...Біз әлі жаспыз, біздің университет қабырғаларында әлі өзінің атақты түлектерінің суреттері іліне қойған жоқ, бірақ сендердің араларында да болашақ ғұламалар, атағы жер жарар азаматтар, Қарағанды Университетінің болашақ мақтаныштары отырғанына сенімім зор» деп студенттеріне үмітпен айтқан сөзі, кешегі елес, міне, бүгін шынайылыққа айналып отыр. «Шекіртсіз ғалым тұл дегендей, еккен жемістерімнің бір дәні болса да, халыққа тиімді өнім берсе, мен өзімді

бақытты адам деп санақан болар едім» - деп ой толғаған Евней Бөкетов бұлағынан сусындаған талай студенті бүгінде ел игілігі үшін еңбек етуде.

Buketov university